

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 24 желтоқсан N 1362

"2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңына, "Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражатын пайдаланудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 қыркүйектегі N 1408 қаулысына сәйкес және залалды өтеу туралы азаматтық сот ісін жүргізу тәртібінде шығарылған сот шешімдерін орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне Астана қаласы сотының "Қазақавтожол" РМК пайдасына 13 105 258 (он үш миллион бір жүз бес мың екі жүз елу сегіз) теңге өндіру туралы 2002 жылғы 24 қазандағы сот шешімін орындау және мемлекеттік баж бойынша 393 158 (үш жүз тоқсан үш мың бір жүз елу сегіз) теңге сомасындағы шығыстарды өтеу үшін 2002 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық бөлімшелерінің сот шешімдері бойынша міндеттемелерін өтеуге көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 13 498 416 (он үш миллион төрт жүз тоқсан сегіз мың төрт жүз он алты) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі